

Оқу мақсаты: 7.Об. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру.

Тапсырмалар сипаттамаларының жалпы құрылымы

Критерийлер	Тапсырманы талдау
Мазмұн саласы	Қоршаған ортаны қорғау
Контекст	Жеке
Танымдық жұмыс түрі	Ақпарат алу
Бағалау нысаны (оқытудың пәндік нәтижесі)	Өз ойын дәлелдеу үшін мәтіннен ақпаратты іріктей алу
Жауап форматы	Жазбаша

№1 Ерікті боламын

The screenshot shows a web browser window with the address bar displaying <http://www.malicablog.com/index.html>. The page title is "Malica Blog". The main heading is "Ерікті боламын...". Below the heading is a horizontal line of colorful dots. The main text area contains the following content:

Өзім туралы

Сәлем, досым! Менің блогыма қош келдіңіз! Менің атым Малика. Мен 14 жастамын. Мен табиғатты суретке түсіргенді жақсы көремін. Бұл менің хоббиім десе де болады. Өзімнің барлық жұмыстарымды PhotoSet-те жасаймын. Болашақ мамандығымды өзімнің хоббиіммен байланыстырғым келеді. Менің жұмыстарыма бағаңызды беріп, пікір қалдыруды ұмытпаңыз.

A yellow callout box with a dashed border contains the following text:

Сайт
мазмұны
Басты бет
[Өзім](#)
[туралы](#)

Address <http://www.malicablog.com/index.html>

Malica Blog

Ерікті боламын...

1 қаңтар, жексенбі

Жаңа жыл құтты болсын! Биылғы еріктілер жылына орай мен де өзімді жаңа қырымнан байқағым келеді. Мен ерікті боламын (шынымен). Естеріңізде болса былтыр бірнеше жобада ерікті ретінде қатысып, өз қабілетімді байқап көргенмін. Енді биылдан бастап ұзақмерзімді жобаларда ерікті болғым келеді. Әсіресе экологияны сақтау бойынша. Неден бастау керектігін білетін сияқтымын. Ғаламтордан еріктілер сайтын тауып алдым <https://qazvolunteer.kz>. Бұл сайтқа тіркеліп көрдіңіздер ме?

[Пікір қалдыру](#)

7 қаңтар, сенбі

Бүгін Рүстем досым екеуіміз еріктілер жайында талқыладық. Артынан әдемі әңгімеміз дебатқа ұласты. Ол менен неге соншалықты ерікті болуға құштар екенімді сұрады. Қазіргі таңда өз қатарына еріктілерді тарту қиын дейді. Бұл жұмыс оған пайда әкелсе ғана іске кірісетінін айтады 😊. Сіз де солай ойлайсыз ба?

[Пікір қалдыру](#)

Сайт мазмұны
Басты бет
Біз туралы
Байланыс

Ерікті боламын
Маликаның блогы
Мен туралы оқыңыз

1-сұрақ. Маликаның бірінші қаңтардағы жазбасын оқыңыз. Ерікті ретіндегі тәжірибесі қандай?

- А. Бұрын ерікті болып көрген, енді оны әрі қарай дамытпақшы.
- Ә. Ол көп жылдан бері еріктілер қатарында қызмет етіп келеді.
- Б. Достарының шақыруы бойынша ерікті болмақшы.
- В. Ерікті болу қажет пе деген ойда.

2-сұрақ. Мектепті аяқтаған соң ол немен айналысуды қалайды?

- А. Ерікті болу
- Ә. Фотограф болу
- Б. Әлеуметтанушы болу
- В. Веб-дизайнмен айналысу

3-сұрақ. Малика үшін ерікті болудың алғашқы қадамы қандай?

- А. Бұрынғы тәжірибеге сүйену
- Ә. Табиғатты суретке түсіру
- Б. Досымен кеңесу
- В. Сайтқа тіркелу

4-сұрақ. Маликаның блогынан Малика жайлы қандай ақпаратты алуға болады? Кестеге «+», «-» белгісін қойып, белгілеңіз.

Ақпарат	Жасы	Тұрғылықты жері	Сүйікті ісі	Мектебі	Досы	Жоспары	Мінезі
«+», «-»							

5-сұрақ. Маликаға көмектесу үшін <https://qazvolunteer.kz> сайтына тіркелуге бағыт бере отырып, пікір қалдырыңыз.

Облыс
Нұр-Сұлтан

Қала немесе ауыл
Қала

Қала
таңдаңыз

Бағыты

- ☐ Медицинадағы еріктілік
- ☐ Экологиялық волонтерлік
- ☐ Әлеуметтік волонтерлық
- ☐ Медиа-волонтерлік
- ☐ Оқиғалық волонтерлік
- ☐ Жануарларға көмек
- ☐ ТЖ волонтерлік
- ☐ Мәдени волонтерлік
- ☐ Донорлық
- ☐ Спорттық волонтерлік
- ☐ Pro bono волонтерлік
- ☐ Корпоративтік волонтерлік

Барлығын қарау

Тастау КӨРСЕТУ

Сұрыптау

Әдепкі қалпы бойынша

Құрылған уақыты бойынша

Рейтинг бойынша

Пікір қалдыру

1 ВОЛОНТЕР БОЛЫҢЫЗ

2 Облыс

3 Тастау

4 Жүйеге кіріңіз

5 Байланыс үшін

КГУ "Средняя школа N 19"
Нұр-Сұлтан, Нұр-Сұлтан

Экологиялық волонтерлік Әлеуметтік волонтерлік Медиа-волонтерлік Оқиғалық волонтерлік ТЖ волонтерлік

Мәдени волонтерлік Спорттық волонтерлік Pro bono волонтерлік Онлайн волонтерлік

ГКП ясли-сад N76 "Әдемі"
акимата город Нур-Султан
Нур-Сұлтан, Нұр-Сұлтан

Экологиялық волонтерлік Әлеуметтік волонтерлік Мәдени волонтерлік Онлайн волонтерлік

ГКП Ясли-сад N26 "Үміт"
акимата города Нур-Султан
Нур-Сұлтан, Нұр-Сұлтан

Экологиялық волонтерлік Әлеуметтік волонтерлік Мәдени волонтерлік

ГКП "Асыл" N78 ясли-сад
Нур-Сұлтан, Нұр-Сұлтан

Экологиялық волонтерлік

Волонтерлер Бізге қосылу Жұмысқа шақыру

Байланыс

Байланыс үшін

Басты офис Волонтерлердің аймалық фронт-офистері

Мәкенкай

01000, Қазқостан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Қабандай бауыр алаңы, 115, 5 қабат

+7 708 706 42 42

qazvolunteer@gmail.com

Написать в WhatsApp

Пән: қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8

Бөлім: Салауатты өмір салты: дұрыс тамақтану мәдениеті.

Бөлімше: Оқылым

Тақырып: Тәтті печеньеелер

Оқу мақсаты: 8.О6. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу.

Критерийлер	Тапсырманы талдау
Мазмұн саласы	Салауатты өмір салты: дұрыс тамақтану
Контекст	Жеке
Танымдық жұмыс түрі	Ақпарат алу
Бағалау нысаны (оқытудың пәндік нәтижесі)	Өз ойын дәлелдеу үшін мәтіннен ақпаратты іріктей алу
Жауап форматы	Салыстыру, жазбаша жауап жазу

№2 Тәтті печеньеелер



735 гр
+1% бонус

Өндіруші: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Думан ықшамауданы, Болашақ көшесі, 10 үй, brightcookies@mail.ru

Бренд: Bright Cookies

«Bright Cookies» ЖШС қолжетімді бағада сапалы әрі пайдалы өнім ұсынады.

Тұтас бидай ұны мен кебектен жасалған пайдалы печенье. 100% тек табиғи қоспалар. Құрамында қант, трансмайлары, дәм күшейткіштер және консерванттар жоқ.

Құрамы: тұтас бидай ұны, тұтас дәнді жүгері ұны, кебек, су, өсімдік майы, таза зәйтүн майы, қопсытқыш, тұз, асқабақ тұқымы.

Сақтау шарттары: t 18 + - 5 ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75% аспайтын температурада сақтау

Жарамдылық мерзімі: 30 күн. Таза салмағы: 250 г

Энергетикалық құндылығы: 100 г. өнім 450 ккал/1880 кДж



940 гр
1% бонус

Өндіруші: Ресей

Бренд: Milka

Milka печеньеелері ерекше үйлесім тапқан шоколад толтырылған нәзік печеньеелер және қытырлақ шоколадты печеньеелер.

Құрамы: сұлы ұлпектері, қант, тұтас дәнді бидай ұны, өсімдік майлары, су, сары май, какао, майсыздандырылған құрғақ сүт, какао массасы, сарысу ұнтағы, сүт майы, глюкоза-фруктоза шәрбаты, көтергіш заттар (натрий гидрокарбонаты, аммоний бикарбонаты, тұз, инвертті қант) сироп, эмульгаторлар (соя лецитині, E476, күнбағыс лецитині), жаңғақ пастасы (жаңғақ), хош иістендіргіштер.

Сақтау шарттары: +16 ° С-тан + 20 ° С-қа дейінгі температурада

Қаптаманы ашқаннан кейін салқын құрғақ жерде сақтаңыз.

Жарамдылық мерзімі: 3 ай. Таза салмағы: 200 гр

Энергетикалық құндылығы: 492 ккал

1-тапсырма. Мәтіндерді мұқият оқып, ақпараттарды салыстырыңыз.

2-тапсырма. Айман мен Маржан дүкенге печенье сатып алу үшін келді. Бірақ таңдау жасап, бір мәмлеге келерде екеуінің көзқарасы екіге бөлінді. Маржан отандық өнімді таңдаса, Айман танымал брендті алмақшы. Маржанның таңдауы дұрыс екенін растау үшін кемінде 3 мықты аргумент келтір.

	Құрамында тұтас бидай ұны бар	Жарамдылық мерзімі ұзағырақ	Құрамы әртүрлі қосылыстарға бай	Тек табиғи өнімдерден тұрады	Тұтынушы құқығы қарастырылған
Bright Cookies	+			+	+
Milka	+	+	+		



1. _____
- _____
- _____
- _____
2. _____
- _____
- _____
- _____
3. _____
- _____
- _____
- _____